

## Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 31 наурыз N 354-І

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 1996 жылғы 26 қантардағы N 2823 Z962823\_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 179-құжат; N 14, 274-құжат; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 1998 жылы 29 желтоқсанда жарияланған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 желтоқсандағы Z980334\_ Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. 6-баптың екінші азатжолындағы "жабдықтарды, өндіріс процесінде толық тұтынылатын тауарларды әкелуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген тауарларды жеткілікті дәрежеде өндеу өлшемдеріне сәйкес өндеуге арналған тауарларға қатысты (спирттен басқа)" деген сөздер "Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген тауарларды жеткілікті дәрежеде өндеу өлшемдеріне сәйкес өндеуге арналған тауарларды (спиртті қоспағанда), сондай-ақ жабдықтарды жабдықтарды әкелуге қатысты" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 12-бапта:

екінші азатжолдағы "жабдықтарды, өндіріс процесінде толық тұтынылатын тауарларды, сондай-ақ өндеуге арналған тауарларды (спирттен басқа) Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген тауарларды жеткілікті дәрежеде өндеу өлшемдеріне сәйкес" деген сөздер "Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген тауарларды жеткілікті дәрежеде өндеу өлшемдеріне сәйкес өндеуге арналған тауарларды (спиртті қоспағанда), сондай-ақ жабдықтарды орналастыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Аталған тауарлар мен жабдықтарды арнайы экономикалық аймақтың аумағында еркін кеден аймағының кеден режимімен орналастырудың шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленеді.".

2-бап. Осы Заң жарияланған күннен бастап қүшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Оқығандар:  
(Қасымбеков Б.А.)  
(Икебаева Ә.Ж.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК